

Түркістан қаласы ауылдарының шекараларына өзгерістер енгізу туралы

Бірлескен Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 2009 жылғы 30 маусымдағы N 19/151-IV шешімі және Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық әкімдігінің 2009 жылғы 30 маусымдағы N 1 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 6 тамызда N 14-4-70 тіркелді

Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 108-бабының 1, 5 тармақтарына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6, 31 баптарына сәйкес және Түркістан қаласының жерге орналастырудың, сәулет және қала құрылысының бірлескен ұсынысы бойынша қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**, қалалық мәслихат **ШЕШТІ**:

1. Түркістан қаласы ауылдарының шекараларына төмендегідей өзгерістер енгізілсін

:

- 1) Үшқайық ауылдық округі аумағынан көлемі 1898,16 гектар жер телімі алынып, Теке ауылының шегіне 1546,95 гектар, Нұртас ауылының шегіне 351,21 гектар;
- 2) Жаңа Иқан ауылдық округі аумағынан көлемі 224,09 гектар жер телімі алынып, Ибата ауылының шегіне 224,09 гектар;
- 3) Иассы ауылдық округі аумағынан көлемі 78,72 гектар жер телімі алынып, Шойтөбе ауылының шегіне 78,72 гектар;
- 4) Жүйнек ауылдық округі аумағынан көлемі 96,0 гектар жер телімі алынып, Шипан ауылының шегіне 39,3 гектар, Жүйнек ауылының шегіне 31,8 гектар, Шекербұлақ ауылының шегіне 24,9 гектар;
- 5) Бабайқорған ауылдық округі аумағынан көлемі 80,3 гектар жер телімі алынып, Абай ауылының шегіне 28,9 гектар, Бабайқорған ауылының шегіне 51,4 гектар;
- 6) Шаға ауылдық округі аумағынан көлемі 2952,88 гектар жер телімі алынып, 30-Жылдық ауылының шегіне 1923,91 гектар, Бершінтөбе ауылының шегіне 1028,97 гектар;
- 7) Шорнақ ауылдық округі аумағынан көлемі 2390,61 гектар жер телімі алынып, Шорнақ ауылының шегіне 707,66 гектар, Қосмезгіл ауылының шегіне 489,63 гектар, Аша ауылының шегіне 1193,32 гектар;
- 8) Жібек жолы ауылдық округі аумағынан көлемі 1256,0 гектар жер телімі алынып, Сауран ауылының шегіне 944,2 гектар, 30-разъезд ауылының шегіне 311,8 гектар;
- 9) Сауран ауылдық округі аумағынан көлемі 1660,45 гектар жер телімі алынып, Ынталы ауылының шегіне 1660,45 гектар;
- 10) Оранғай ауылдық округі аумағынан көлемі 544,3 гектар жер телімі алынып,

Бостандық ауылының шегіне 24,8 гектар, Оранғай ауылының шегіне 519,5 гектар;

11) Қарашық ауылдық округі аумағынан көлемі 340,47 гектар жер телімі алынып, Қарашық ауылының шегіне 302,49 гектар, Құмтиын ауылының шегіне 37,98 гектар;

12) Ескі Иқан ауылдық округі аумағынан көлемі 1395,33 гектар жер телімі алынып, Ескі Иқан ауылының шегіне 1172,33 гектар, Достық ауылының шегіне 223,0 гектар
е н г і з і л с і н .

2. Жалпы көлемі 12917,31 гектар жер телімі қосылып, Үшқайық ауылдық округіндегі Теке және Нұртас ауылдарының шегі;

Жаңа Иқан ауылдық округіндегі Ибата ауылының шегі;

Иассы ауылдық округіндегі Шойтөбе ауылының шегі;

Жүйнек ауылдық округіндегі Шипан, Жүйнек және Шекербұлақ ауылдарының шегі

;

Бабайқорған ауылдық округіндегі Абай және Жүйнек ауылдарының шегі;

Шаға ауылдық округіндегі 30-Жылдық және Бершінтөбе ауылдарының шегі;

Шорнақ ауылдық округіндегі Шорнақ, Қосмезгіл және Аша ауылдарының шегі;

Жібек жолы ауылдық округіндегі Сауран және 30-разъезд ауылдарының шегі;

Сауран ауылдық округіндегі Ынталы ауылының шегі;

Оранғай ауылдық округіндегі Бостандық және Оранғай ауылдарының шегі;

Қарашық ауылдық округіндегі Қарашық және Құмтиын ауылдарының шегі;

Ескі Иқан ауылдық округіндегі Ескі Иқан және Достық ауылдарының шегі

ө з г е р т і л с і н .

3. Осы бірлескен шешім және қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Т ү р к і с т а н қ а л а с ы н ы ң

әкімі

Б.Сыздықов

Қ а л а л ы қ м ә с л и х а т т ы ң к е з е к т і

о н т о ғ ы з ы н ш ы с е с с и я с ы н ы ң т ө р а ғ а с ы Т.Ибраев

Қ а л а л ы қ м ә с л и х а т х а т ш ы с ы Ғ.Рысбеков